

## ЖОҒАРЫ БІЛІМ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ТӘРБИЕ МАЗМҰНЫ

*Дүйсенбай А.С., Сейсембай Г.А.,*

*Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қостанай қ.*

Ғаламдық жаһандану жағдайындағы қарқынды өзгерістер қоғам дамуының қозғаушы күші болып табылатын білім жүйесіне орасан ықпалын тигізіп отыр. Қазіргі қазақстандық қоғам жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген жан-жақты дамыған тұлғаны қажет етіп отыр, сондықтан білім беру жүйесі алдына осындай тұлғаны тәрбиелеу тәрізді үлкен талап қоюда.

Ел Президентінің «Қазақстан–2030» бағдарламасында: «...біздің жас мемлекетіміз өсіп-жетіліп кемелденеді. Біздің балаларымыз бен немерелеріміз онымен бірге ер жетеді. Олар өз ұрпақтарын жауапты да жігерлі, білім өресі биік, денсаулығы мықты өкілдері болмақ. Олар бабаларының игі дәстүрлерін сақтай отырып, қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады...» – дейді.

Жастардың тәрбие мәселесі қоғам үшін әр уақытта өзекті болып келген. Өскелең ұрпақты тәрбиелеу міндетін мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін, сондай-ақ бүкіл әлемнің де қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңызды істердің бірі ретінде ұғыну қажет. Адамзат жаһандану мен ақпарат дәуіріне, адам өмірін әлеуметтік және өзіндік мағынаға толтыруға бағытталған шақта саналы және парасатты тұлғаны тәрбиелеу – қазіргі білім берудің негізгі бағыты. Оның табысты болуы жеке басының өсу дәрежесіне байланысты – азаматтық сәйкестендіру, құқықтық сауаттандыру, жан-жақты қасиеттерді дамыту, мамандық пен өнерде өзін-өзі табу. Ең бастысы бұл кәсіби білім беру, студенттерді дамыту мен тәрбиелеуге қатысты. Студенттік жастар өз заманының ең дамыған бөлігі ретінде ертең-ақ қоғамның алға басушы күші болады, олардың ішінен саяси зиялылар қалыптасады, еліміздің және әлемнің келешегі соларға байланысты. Демек, педагогика ғылымының осы кезге дейін қалыптасқан озық тәжірибелеріне сүйене отырып, жаңа тәрбие идеяларын барынша пайдалану – басты талаптардың негізі болуы шарт /1; 33/.

Тәрбие үдерісінің құрылымы негізгі бөлшектердің өзара байланысынан тұрады: мақсаттары мен мазмұны, әдістері мен құралдары, сондай-ақ қол жеткізілген нәтижелер. Тәрбие көпфакторлы үдеріс болып табылады. Оған табиғи орта, өмірлік әлем және қоғамдық құндылықтар иерархиясы; отбасы, мектеп, жоғарғы оқу орны, балалар мен жастар ұйымдары; күнделікті және кәсіби қызмет, өнер мен баспасөз құралдары.

Тәрбие факторларының сан-алуан түрлері ішінен екі негізгі топты оқшалайды: объективті және субъективті.

Объективті факторлар тобына жататындар:

- генетикалық тұқымқуалаушылық және адамның денсаулығы;
- оның тікелей ортасына ықпалды отбасының әлеуметтік және мәдени тиесілігі;
- биографиясының жай-жапсары;
- мәдени дәстүр, кәсіби және әлеуметтік мәртебе;
- елдің ерекшеліктері мен тарихи эпохасы.

Субъективті факторлар тобына жататындар:

- тәрбиелеуші мен тәрбиеленушінің екеуінің де психикалық ерекшеліктері, дүниетанымы, құндылықтары, ішкі қажеттіліктері мен мүдделері;
- әлеуметпен қарым-қатынас жүйесі;
- жекелеген адамдар, топтар, бірлестіктер мен бүкіл қоғамның тарапынан адамға ықпал ететін ұйымдасқан тәрбиелік әсерлер.

Тарих барысында тәрбие үдерісін ой елегінен өткізу, оның спецификасын анықтау қажеттілігі туындады. Оның ішінде тәрбиелеу мақсаттары мен оларды жүзеге асыру деңгейлерін; тәрбиелеу құралдары мен түрлерінің спецификасын айқындауға қатысты.

Тәрбие мақсаттары – бұл арнайы дайындалған және жоспарлы түрде жүргізілген тәрбиелеу акциялары мен әрекеттерінің әсерімен адамда немесе адамдар тобында күтілетін өзгерістер. Мұндай мақсаттарды тағайындау үдерісі, әдетте, тәрбиеші (адам, адамдар тобы немесе бүкіл қоғам) тарапынан тәрбиеленуші тұлғасына қатысты алғанда адамгершілік қатынасының қордалануы болып табылады /2; 173/.

Адамның тәрбиелігін бағалау критерийлері санатына жататындар:

– «жақсылық» басқа адамның (топтың, ұжымның, тұтас қоғамның) игілігіне қатысты мінез-құлқы ретінде;

– «ақиқат» әрекеттер мен қимылдарды бағалауға басшылық ретінде;

– «сұлулық» оның көрінісі мен жасалуының барлық формаларында.

Адамның тәрбиелігі келесі критерийлермен анықталады: адамның жоғарыда аталған құндылықтар көтерілу барысындағы кендігі мен биіктігімен; қоғамдағы ережелер, мөлшерлер, идеалдар мен құндылықтарды талғай білуімен және оларды өз қимыл-әрекеттерінде басшылыққа алу шегімен, сондай-ақ олардың негізінде қалыптасқан тұлғалық қасиеттерінің деңгейімен.

Адамның тәрбиелігі жөнінде көптеген көрсеткіштерге, мәселен, келбеті, сөйлеу мәнері, жалпы мінез-құлқы мен жекелеген қылықтарына тән бой ұстанымына, таңдаған құндылықтарына, іс-әрекетке қатынасы мен сұхбаттасу стиліне қарап, пайымдауға болады /3; 78/.

Тәрбиелі адамдар жөнінде А.П. Чехов былай деген екен: «Менің ойымша, тәрбиелі адамдар келесі шарттарды қанағаттандыруы тиіс:

– олар адами тұлғаны құрметтейді, сондықтан әрдайым кішіпейіл, жұмсақ, сыпайы, көңгіш... Олар жоғалған балға немесе резина үшін бүлік шығармайды; біреумен өмір сүре отырып, оны қарыздар етпейді, ал кетіп бара жатса: сізбен өмір сүруге болмайды! – деп кіжінбейді! Олар шу болсын, суық болсын, күйіп кеткен ет болсын, ащы болсын, үй ішінде бөтендер болсын мейлі бәрін кешіреді;

– олар тек қайыршылар мен қаңғыбас мысықтарға ғана аяушылық танытпайды. Олар қарапайым көзге көрінбейтін нәрсеге де жанын ауыртады;

– олар өзгенің меншігін сыйлайды, сондықтан салықтар төлеуден жалтармайды;

– олар ақ жүректі болғандықтан өтірік атаулыдан өлердей қорқады. Түкке тұрмайтын жағдайда да өтірік айтпайды. Өтірік тыңдаушының шамына тиеді және айтушының алдында оны тұқыртады. Олар кербезденбейді, көшеде де өздерін үйдегідей ұстайды, кіші ағайындар алдында көз бояушылық танытпайды. Олар мылжың емес және олардан сұрамаса, өз бетімен ағынан жарылып, ашылмайды. Өзгелердің құлағын сарсытпас үшін көбінесе үнсіз қалады;

– олар өздерін өзгелердің аяушылық пен көмек сезімі тудыру мақсатымен жаншымайды. Олар жауап ретінде өзгелердің күрсінісі мен аялап есіркеуін тілеп, өзгелердің сезім қылын шертпейді. Олар мені ешкім түсінбейді деп айтпайды;

– олар әбігерлікке салынбайды. Оларды аты-шулылармен таныстық, Salon'e ішіндегі кездейсоқ жанның шаттығы, портерлік жағынан танымалдық сынды жалған бриллианттар қызықтырмайды;

– олар өздерінде бар талантты құрметтейді. Ол үшін тіпті олар тыныштық, әйелдер, шарап, қарбалас тіршілікті құрбан етеді;

– олар өздерінде эстетиканы тәрбиелейді. Олар киімшең ұйықтай, лас ауамен дем ала, түкірілген еденмен аяқ баса алмайды...».

Кез-келген тәрбиелік тапсырма тәрбиешінің тәрбиеленушіні белсенді қимылдар жасауға ынталандыру арқылы шешіледі. Осындай бастама ретінде, мәселен, дене жаттығуын жасау немесе оқу тапсырмасын орындау, көркем шығарманы қабылдау немесе пәтерді жиыстыру, үрейді жеңу немесе зиянды қылықтардан арылуды қарастыруға болады./4:157/.

Тәрбиенің сәттілігі тәрбиелеу мақсаты-мазмұны (мақсатқа жету құралдары мен тәсілдері) тұтастығы ретінде тәрбиеленушінің автономиялық белсенділік дәрежесінің артуынан көрінеді. Осылайша, біріккен-жіктелген іс-әрекетте «теңдестер» позициясынан «тәрбиеленушінің құқықтарының кеңеюі» позициясына ауысу жүзеге асырылады. Өз бетімен (дербес) іс-

әрекетті бастай және өзіндік жетілуге ұмтыла отырып, тәрбиеленуші тәрбиешінің көмегі мен қолғабысына сүйенуге мүрсаты қала береді.

Адамгершілікке тәрбиелеу рухани тәрбиемен тығыз байланысты. Арсыздықтың рухани жұтаушылықтан келетіндігі мәлім. Үшінші мыңжылдықта рухани толысқан, кемелді адамның, басқаша айтқанда, адамның адамилығының қалыптасу мәселесі аса маңызды міндетке айналып отыр. Ұлы Абай бабамыз өзінің 45 қара сөзінде былай деген: «Бұл ғадалат, махаббат сезім кімде көбірек болса, ол кісі - ғалым, сол – ғақил». Ресей зерттеушісі В. Зорин адамзат үшін Абайдың осы ойлары тіпті бүгінде әлемде орын алған глобалды дағдарыстан шығудың бағдарламасы болуы мүмкін деп санайды, өйткені дағдарыстың басты себептері экономика мен саясатта емес, экономикалық адамдардың рухани жұтауында-мыс. Ғалым адамдардың рухан жандануының негізгі әлеуметтік тетіктері мәдениет пен философия (біз «тәрбие философиясы» деп қосар едік) болып табылады деп мейлінше әділ түрде айтады және де осы тарихи миссияны тек қана еуразиялық рухани мәдениет, кемеңгерлікке жетудің еуразиялық философиясы орындай алмақ. Шынайы руханилық – бұл махаббат пен жақсылық, асқақтық пен әдемілік, ар мен альтруистіктік, білім және өзгелермен бірге бейбітшілікті сақтауға құмарлық, барлық тіріге, жалпы табиғатқа сүйіспеншілік сынды сезімдердің жиынтығы. Бір сөзбен айтқанда, руханилық дегеніміз Адамшылық /5; 33/.

Қазақ философиясының маңызды ерекшелігі онда адамның басты орын алатындығында, оның табиғатын танып білу арқылы кемшіліктерден арылу жолдары қарастырылатындығында. Қазақ ойшылдары адам мен әлемді түсінудің таза рационалды бейнесін жасауға ұмтылған жоқ. Олар адамның табиғатпен, Тәңірімен, Көкпен және қоғаммен байланысын тұтастай түсінуге ұмтылды. Олардың қызығушылығын тудыратындар – этика мәселелері, өмірдің мәні, рухани көтерілу жолдары. Қазақтардың тәрбие философиясындағы басты ұғымдардың бірі – ар-ұят немесе ар-намыс. Жүсіп Баласағұнның өзі мораль мен адамгершілік мәселелері «оянған ар-ұят мәселесіне ұласады» деп санаған. Абай: «Жүрек – адам өмірінің патшасы, егер ол ашылса, онда ақиқаттың нұры бейнеленеді... Тек сана, ғылым, ерік, ар-ұят адамды жоғарылатады «деп тұжырымдаған. Ар-ұят ғылымының негізін қалаушы Шәкерім мынадай қорытынды жасаған: «жақсы өмір негізінде адал еңбек, ар-ұяты бар сана, шын ниет болуы тиіс». Осы ойлармен А. Ламартиннің «Ар-ұят – заңдардың заңы» деуі үндеседі. Епископ Феофан ар-ұятты «адамдардың барлық лайықтылықта басшылыққа алып, басқан қадамдарын нұрландыру үшін адамдардың жүрегінде Құдай белгілеген Заң» деп атаған. Осыған байланысты еске алуға лайықты нәрсе, ол «religio» сөзінің «relegere», яғни ар-ұятты, ар-ұяттың толқуы, басқаша айтқанда, жауапкершілік сезімі дегенді, тек содан кейін ғана құдайға табыну, құдайға құлшылық ету, религия, сенім іспетті ұғымдарды білдіретіндігі.

Осындай ақылға қонымды шамалы лирикалық-философиялық шегініс жасағаннан кейін этикалық тәрбиелеу міндеттеріне оралайық. Олардың ішінен негізгілері ретінде төмендегілерді бөліп қарастырады:

–қоғамдағы мінез-құлықтың ережелері жөнінде адамгершіліктік тәжірибе мен білім жинау (отбасында, көшеде, мектепте және т.б.);

–адамдарға деген ықыласты және қамқорлық көзқарас; адалдық, шыдамдылық, қанағатшылдық пен әдептілік; жинақылық, тәртіптілік пен жауапкершілік, борыш пен намыс сезімдері, адам абыройын сыйлау, еңбек сүйгіштік пен еңбек мәдениеті, ұлтық игілікке сақтық көзқарас сынды тұлғаға тән адамгершілік қасиеттерді дамыту мен бос уақытты саналы пайдалану./6:7/.

Күнделікті өмірде адамның моралдық-адамгершілік қағидалардан ауытқу фактілері жиі кездеседі. Мәселен, Ф.М. Достоевскийдің «Записки из подполья» шығармасының кейіпкері өзінің топас еркімен өмір сүргіс келеді; сондықтан бүкіл әлем қирап жатса да бәрібір, ол шай ішіп отыра бермек. Оның психологиясы арқылы Достоевский асқынып келе жатқан қоғамдық «нигилизм» (жалаңаштану) құбылысын әшкерелейді.

Адамгершілікті адамның негізгі критерийлері оның адамгершілік ұстанымдары, моралдық қағидалары, құндылықтары, сондай-ақ жақын және таныс адамдарға қатысты қылықтары болып табылады.

Осы ретте Л.Н. Толстойдың дүниеде «зұлымдықтың» өршуі идеясын еске алған артық болмас. «Жалған купон» әңгімесінде гимназист дүкеншіні алдап соғады; ал, ол, өз кезегінде шаруаға әкелген отыны үшін жалған ақша ұсынады. Оқиғаның ары қарай өрбуіне орай шаруа қылмыскерге айналады. Бұл ретте Л.Н. Толстой оқушының назарын «өзіңе тілемегенді өзгеге жасама» деген ежелгі постулаттың күнделікті тіршіліктегі орын алуына аударады /7; 12/.

Адамгершілікке тәрбиелеу үдерісінде нандыра білу мен жеке тәжірибе, кеңес, тілек, қолдау пікір, қимыл мен әрекеттерді оң бағалау, жетістіктер мен артықшылықтарды қоғамдық мойындау сияқты әдістер кеңінен қолданылады. Сонымен қатар көркем шығармалар мен практикалық жағдайлар үлгісінде этикалық сұхбаттар мен талқылаулар жүргізу дұрыс. Осымен бір мезетте адамгершілікке тәрбиелеу қоғамдық бетке басу, оған қоса тәртіптік және мерзімі шегерілген жазаларды жоққа шығармайды.

*Еңбек тәрбиесінің (еңбекке тәрбиелеудің) басты міндеттері:* сан-алуан еңбек іс-әрекет түрлеріне адал, жауапты және шығармашылық тұрғыда қатынасуды дамыту мен дайындау, адамның аса маңызды міндеттерін орындау шарты ретінде кәсіби тәжірибені жинақтау.

Аталмыш міндеттерді шешу үшін түрлі тәсілдер мен құралдар қолданылады:

- тәрбиеленуші мен тәрбиешінің өзара сабақтаса жұмыс жасауын ұйымдастыру;
- кейбір еңбек түрлерінің отбасы, қызметкерлер ұжымы, жалпы кәсіпорын, Отан үшін пайдалы мағынасы бар екендігін түсіндіру;
- еңбек өнімділігін арттырғаны және шығармашылық танытқаны үшін материалдық және рухани көтермелеу;
- отбасы, ұжым, елдің еңбек дәстүрлерімен таныстыру;
- қызығушылықтарына орай еңбекті ұйымдастырудың үйірмелік формалары (техникалық шығармашылық, модельдеу, театрлық көріністер, кулинария және т.б.);
- нақтылы операцияларды орындау кезінде еңбек дағдыларын қалыптастыру жаттығуларын жасау (оқу, есептеу, хат жазу, компьютерды пайдалану; түрлі жөндеу жұмыстары; ағаш пен металдан бұйымдар жасау);
- шығармашылық конкурстар мен жарыстар, шығармашылық жұмыстарды көрмеге шығару және олардың сапасын бағалау;
- уақытша және тұрақты үй тапсырмалары, мектепте сынып бойынша кезекшілік атқару, еңбек бригадаларында қойылған міндеттерді орындау;
- қоғамдық пайдалы еңбекке жүйелі түрде араласу, кәсіби іс-әрекетін ұйымдастырудың технологиялары мен айлаларына үйрену;
- уақытты, электроэнергияны және ресурстарды үнемдеуді қадағалау;
- еңбек нәтижелерін есепке алу мен бағалау (тапсырмалардың орындалуының сапасын, мерзімін және дәлдігін, үдерісті рационализациялау және шығармашылық ыңғайдың болуы);
- еңбек іс-әрекетіне арнайы кәсіби даярлау (инженер, мұғалім, дәрігер, оператор, архитектор, сантехник және т.б.).

*Эстетикалық тәрбиенің* мақсаты шындыққа деген эстетикалық көзқарасты дамыту болып табылады.

Эстетикалық көзқарас әдемілік пен сұлулықты эмоционалдық қабылдау қабілетімен сипатталады. Бұл тек табиғат немесе өнер туындысына қатысты ғана байқалуы шарт емес. Мәселен, И. Кант кеменгер адам қолымен жасалған көркем шығарманы қарап тұрып, біз «әдемілікке» қосыламыз. Алайда тек буырқанған мұхит немесе атқылаған вулканға адам қолынан келмес «асқақ» ретінде түйсінеміз.

Әдемілікті қабылдай білу қабілетіне орай адам өзінің жеке бас және айналасындағы адамдардың өміріне, яғни күнделікті тұрмысқа, кәсіби қызметіне және әлеуметтік ландшафтқа эстетикалық тәрбиені әкелуі тиіс. Сонымен қатар эстетикалық тәрбие бізді «таза эстетизмнен» қорғауы қажет.

Эстетикалық тәрбие үдерісінде шығармашылық және әдеби туындылар қолданылады: музыка, өнер, кино, театр, халық фольклоры. Бұл үдерісс көркем, музыкалық, әдеби шығармашылыққа араласуды, дәрістерді, сұхбаттарды, суретшілер және музыканттармен кездесулер мен концерттік кештерді ұйымдастыруды, музей мен көркем көрмелерді аралауды, қала архитектурасын зерттеуді қажетсінеді.

Еңбекті эстетикалық ұйымдастырудың тәрбиелік мәні бар: сынып бөлмелерін, аудиториялар мен білім беру мекемелерін әдемі көріктендіру, оқушылардың, студенттердің және мұғалімдердің киім үлгісінен көрініс беретін көркемдік талғам. Мысалдардың қатарына кіреберістердің тазалығын, көшелердің көгалдандыруын, дүкендер мен кеңселердің айрықша дизайндарын жатқызуға болады.

*Дене тәрбиесінің* негізгі міндеттері дұрыс дене-тұрқылық даму, қозғалыстық дағдылар мен вестибулярлық аппаратты шынықтыру, ағзаны шынықтырудың түрлі процедураларын жасау, сонымен қатар адамның жұмыс қабілетін артыруға бағытталған ерік күші пен мінезді тәрбиелеу болып табылады.

Дене тәрбиесін ұйымдастыру үй, мектеп, жоғары оқу орны, спорт секциялары арқылы жүзеге асырылады. Бұл оқу сабақтарының, еңбек пен демалыс режимдерін қадағалаудың болуын (гимнастикалар мен қозғалыс ойындары, туристік жорықтар мен спорттық жарыстар) және өскелең ұрпақ сырқаттарының дәрігерлік-медициналық профилактика арқылы алдын алуды меңзейді

Дені сау адамды тәрбиелеу үшін күнделікті режим құрамдас бөліктерін қадағалаудың маңызы орасан зор: толыққанды ұйқы, калориялы тамақтану, әртүрлі іс-әрекет түрлерінің ойластырылған үйлесімділігі.

*Азаматтық тәрбие* адамның отбасына, өзге адамдарға, өзінің халқына, Отанына деген жауапкершілікті қамтиды. Азамат өзінің конституциялық заңдарды ғана емес, сонымен бірге кәсіби міндеттерін тыңғылықты орындауы, сөйтіп елдің өркендеуіне өзінің үлесін қосуы тиіс. Сондай-ақ ол әскери немесе экологиялық кесепаттар қаупінен бүкіл планета тағдырына жауапкершілікті сезінуі мүмкін, әлем азаматына айналады.

*Экономикалық тәрбие* – қазіргі заман адамының өз отбасы, өндіріс орны, елі ауқымында экономикалық ойлауын дамытуға бағытталған шаралар жүйесі. Бұл үдерісс іскерлік қасиеттердің, яғни үнемшілдік, кәсіпкерлік, есепшілдіктің қалыптасуын ғана қарастырмайды, одан басқа меншік, шаруашылық жүйесі, экономикалық рентабелділік, салық салымы мәселелеріне қатысты білімдерді қордалауды қамтиды.

*Экологиялық тәрбие* табиғат пен жер бетіндегі барлық тірілердің қайтпастай құндылықтар екенін түсінуге негізделген. Ол адамның табиғатқа, оның ресурстары мен пайдалы қазбаларына, флорасы мен фаунасына құнттап қарауға шақырады. Бұл ретте әрбір адам экологиялық кесепатты болдырмас үшін өзіндік үлесін қосуға міндетті.

*Құқықтық тәрбие* адамға өзінің құқықтары мен міндеттерін және оларды қадағалаудағы жауапкершілігін түйсінуді меңзейді. Ол елдің Конституциясы мен заңдарына, адамның құқықтарына құрметпен қарауға және оларды елемегендерді сынауға тәрбиелейді.

Тәрбие үдерісін тұтастай алғанда және жекелеген бағыттары ауқымында бірнеше деңгейде бақылауға және ұйымдастыруға болады (В.И. Гинецинский).

*Бірінші, социотарлық деңгей* деп аталатыны, жалпы белгіленген мәдениет контекстінде қоғамның кез-келген даму сатысында, оның ішінде мәдениеттің түлі формаларда транслялануымен байланысты және олардың жас ұрпаққа көрінуіне қатысты қауымдастық яки әлеует (социум) өмірінің нақ сондай қырларында болсын тәрбиенің тұрақты функция ретінде қала беретіндігімен сипатталады. Қазақстанда осы деңгейдің тәрбиелік мақсаттары Конституцияда, «Білім беру» заңында, сондай-ақ адам құқықтары жөніндегі Халықаралық Конвенцияда және саяси-мемлекеттік құжаттарда анықталған.

*Екінші, институционалдық деңгей* нақты әлеуметтік институттар жағдайында тәрбие мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруды қарастырады. Бұл тұста осы мақсаттарға жету үшін жасақталған арнайы институттар болады. Осындай ұйымдар қатарына балалар үйі мен

мектеп-интернаттары, балабақшалар, мектептер мен жоғары оқу орындары, шығармашылық үйлері мен даму орталықтары жатады.

*Үшінші, әлеуметтік-психологиялық деңгей* жекелеген әлеуметтік топтар, ассоциациялар, ұжымдар шеңберінде тәрбиеленуді меңзейді. Мәселен, кәсіпорын ұжымы өз қызметкерлеріне тәрбиелік ықпал етсе, педагогтар ұжымы педагогтардың шығармашылық қуатын дамытуға әсер етеді.

*Төртіншіден, тұлғааралық деңгей* тәрбиелеу спецификасын тәрбиеленушінің жеке дара психологиялық және тұлғалық ерекшеліктерін ескеру арқылы тәрбиеші мен тәрбиеленушінің арасындағы ықпалдасу тәжірибесі ретінде анықтайды. Мұндайға мысал бола алатындар: ата-ана тәрбиесі, әлеуметтік психолог жұмысы, балалар, бозбалалар және ересектермен жұмыс жасау педагогтарының қызметі, білім беру жүйесі ауқымында әңгімелесуден туындайтын мұғалімнің оқушыларға тәрбиелік әсері.

*Бесінші, интракисілік деңгей* мәні тұрғысынан өзін-өзі тәрбиелеу болып табылады. Әртүрлі өмір жағдайларында адамның өзіне-өзі тәрбиелік әсер етуді жүзеге асыруды нұсқайды. Мәселен, оқу тапсырмаларын орындау, емтихан немесе спорттық жарыс кездерінде болатын таңдау мен қайшылық жағдайлары /8; 72/.

#### ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

- 1 Ахметова Г. Ұстаз даярлаудың өзекті мәселері. – Алматы: Ғылым, 1998. – 154 б.
- 2 Алтынсарин И. Собрание сочинений: В 3-х т. – А.: Мектеп, 1976. – 423 с.
- 3 Әбиев Ж., Бабаев С., Құдиярова А. Педагогика. – Алматы, 2004. – 460 б.
- 4 Даналардан шыққан сөз: Нақылдар жинағы. /Жинап, құраст., ауд. Ұ.Асыллов. – Алматы: Мектеп, 1987. – 383 б.
- 5 Абай журналы. Семей: «PRINTMASTER» полиграфиялық орталығы, 2014. – 66 б.
- 6 Жеке тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеу түсінігінің мәні //Саясат-Policy. – 2003. – №10. – 28 б.
- 7 Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Рауан. – 1992. – 112 б.
- 8 Қоянбаев Ж., Қоянбаев Р. Педагогика. – Алматы, 2002. – 369 б.

### ҚЫЗ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

*Жакупжанова Г.С.,*

*Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қостанай қ.*

Біздің халқымызда «Қыз» деген сөзді әдеміліктің, әдептіліктің, жан-жақты сұлулықтың белгісі ретінде қолданады. Әр елдің өміріндегі шешуші кілт қыздарға берілетін тәлім-тәрбие арқылы өлшенеді.

Жарық пен жылу, от пен су жоқ жерде тіршілік жоқ, ал осылардың көктегі көзі – күн, жердегі көзі – адамзат. Адамдардың бір-біріне мейірімі мен ұлағатты тәрбиесі тіршілікті сақтайды. Тәрбиесі түзелмей елдің көсегесі көгермейді, отбасы түзелмей болашақ түзелмейді.

Бесігінде жақсы тәрбие алған, үлгі-өнеге көрген қыз бала болашақта да сол әдебін сақтамақ. Әдепті, инабатты, адамгершілігі мол, сыпайы қыз тәрбиелеу – бүгінгі мектептің, қоғамның және ата-ананың негізгі міндеті.

Қазіргі заман қыз бала тәрбиесіне ерекше мән беруді қажет етеді. Себебі, қыз баланы тәрбиелеу деген сөз – ұлтты тәрбиелеу деген сөз. Отбасы – қоғамның бір бөлшегі. Ал отбасының алтын қазығы – әйел адам. Бесігінде жақсы тәрбие алған, үлгі-өнеге көрген қыз бала ержеткенде сол әдетін сақтайды.

Қазақ халқының мақсаты – әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін, сонымен қоса тіл мәдениетін қыз баланың бойына сіңіре отырып, қыз балаға келешекте ана, ақ босағаның аруы, шаңырақтың құт-берекесі екенін ұғындыру, әдептілікке, сыпайылыққа, инабаттылыққа, мейірімділікке, төзімділікке, шыншылдыққа тәрбиелеу.